

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ

«Қазақстан тарихы, қоғамдық пәндер және география» кафедрасы

Ахметова Ж.

**5B050100 – «Әлеуметтану» мамандығының студенттеріне арналған
біртұтас**

Практика бағдарламасы

Шымкент, 2016 ж.

5B050100 – Әлеуметтану мамандығының студенттеріне арналған біртұтас практика бағдарламасы. – Шымкент: Шымкент университеті, 2016 ж. 12 бет.

Ұсынылған практика бағдарламасы 5B050100 – Әлеуметтану мамандығының студенттеріне практикалық іс-тәжірибелерді өткізу үшін қажетті оқу-әдістемелік құрал болып табылады.

Рецензенттер:

Ермаханов М., М.Әуезов атындағы ОҚМУ доценті, т.ғ.к.

Ахметова Ж.Ш, Шымкент университеті, аға оқытушы

Практика бағдарламасы Шымкент университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып құпталды.

Шымкент университеті. 2016 ж.

Алғы сөз

Оқу, өндірістік іс-тәжірибе социолог мамандарға арнайы біліктілікті арттыру, білім деңгейін көтеру және оқытушылық методиканы меңгерумен қатар қоғамдағы іс-шараларды ұйымдастыра білу қабілетін арттыру үшін өткізіледі. Осы талапқа сай «социология» мамандығы негізде жасалынған және мемлекеттік міндетті түрдегі минималды мазмұнды білім беруге және «социология» мамандығы бойынша түлектердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді. Стандарт ережелері көрсетілген мамандық бойынша, олардың ұйымдық-құқықтық формалары, ведомствалық бағыныштылығына және оқыту формаларына қарамастан, Қазақстан Республикасындағы жоғарғы оқу-орындарының қолдануы үшін міндетті болып табылады.

Социологтар кәсіби дайындық пен теориялық білімдерін меңгерумен қатар әлеуметтік қызметте практикалық тәжірибе алмастыра білу және өздігінен философиялық тақырыптарда кез-келген әлеуметтік, мәдени шараларды атқаруы, жеке белгілі бір тақырыпта ғылыми зерттеулер жүргізе білуі қажет. Оқу, өндірістік іс-тәжірибе теориялық білімді тереңдету мақсатында өтіледі.

Іс-тәжірибені ұйымдастырып, оны жүргізу жоғары кәсіптік білікті маман әзірлеудің жалпы мақсатына кіреді және студенттің іс-әрекет қабілетінің жетілуі үшін де қажетті факторлардың бірі.

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереженің мақсаты білім алушылардың Шымкент университетіндегі кәсіби практикасын ұйымдастырылуын регламенттеу мазмұның анықтау болып табылады.

1.2 Кәсіби практика оқыту процесінде алынған, практикалық дағдысының қалыптасуын, теориялық білімді бекітуге, сонымен қатар озық тәжірибені игеруге бағытталған.

1.3 Кәсіби практиканың әр түрі оқыту процесіне сәйкес ұйымдастырылады: оқу; өндірістік; диплом алды.

1.4 әзірлеген кәсіптік практика бағдарламасы мен базасы мамандық бейініне (білім бағдарламасына) сәйкес келуі тиіс.

1.5 Мамандықты шығарушы кафедра (құқық қорғау органдарының, арнайы мемлекеттік органдардың және қорғаныс саласындағы мемлекеттік органның ЖОО-нан басқа) оқу жылы басталғанға дейін 1 айдан кешіктірмей кәсіптік практиканы ұйымдастыру бойынша үлгілік шарттың нысанына сәйкес практика базаларымен тиісті шарттар жасайды.

1.6 Білім алушының жолдамасы практиканың барлық түріне, практиканың өту мерзіміне, практиканың жетекшісі және практиканың өту базалары жоғары оқу орнының басшысының бұйрығымен ресімделеді.

1.7 Практикалардың жетекшілері ретінде профессорлар, доценттер, тәжірибелі оқытушылар, мамандықтың жақсы спецификасын білетін және практика базасының қызметін білетін мамандар тағайындалады.

1.8 Практика жетекшісі практика алдында білім алушыларды қажетті дайындыққа ұйымдастырады, практика бағдарламасына сәйкес кеңестер өткізеді, практиканың өтілу барысына бақылау жүргізеді.

1.9 Практика бойынша бірінші жетекшіні тағайындау кезінде (әдетте оқу, және т.б.) баға көрсетілген білімге сәйкес ұсынылған есепті қорғау қорытындылары бойынша қойылады.

1.10 Практика бойынша екінші жетекшіні тағайындау кезінде (әдетте оқу, және т.б.) практика базасынан жетекшісінің үлес салмағы қорытынды бағалауда 40 %-ды құрайтын бағасы мен ЖОО барған жетекшінің қорытынды бағалауда 60%-ды құрайтын бағасы ескеріле отырып қорытынды баға қойылады.

1.11 Білім алушы практика барысында міндетті:

1.11.1 тағайындалынған оқыту нысаны бойынша практика бағдарламасын толық орындауға, практика күнделігін жүргізуге;

1.11.2 практика базасына сәйкес ішкі тәртіпке бағынуға;

1.11.3 еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздікті және өндірістік санитария ережелерін оқып, қатаң түрде сақтауға;

1.11.4 кафедра тапсырмаларына сәйкес оперативтік қызметіне қатысуға;

1.11.5 практика жетекшісіне, практика базасы жетекшісінің барлық практика тапсырмаларының орындалғаны туралы қолы қойылған, тағайындалынған нысаны бойынша жазбаша түрде есеп, күнделік тапсыруға.

1.11.6 Кәсіптік практика қорытындылары бойынша студенттер тиісті кафедраға есеп тапсырады, оны жетекші мен кеңесші тексереді және кафедра меңгерушісі өкімімен құрылған комиссия алдында қорғайды. Есепті қорғау нәтижелері бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесі сараланған сынақпен бағаланады.

2. Оқу практикасының базасы мен бағдарламасы

2.1 2 курста оқу практикасы ұйымдастырылады.

2.2 Оқу практикаларының бағдарламасы жалпы немесе шығарылатын кафедрамен әзірленеді.

2.3 Оқу практикасының мақсаты – білім алушыларды жоғары оқу орынының қызметінің бағыттарымен таныстыру, жоғары оқу орынының іске асырылған білім беру бағдарламаларымен, оқылған мамандығымен, болашақ кәсіби қызметінің мақсатымен және функция түрлерімен таныстыру. Жалпыға бірдей сапалы маман даярлауды мақсат етуге негізделеді.

2.4 Оқу практикасының базасы оқу мекемелері, оқу шеберханалары, зертханалар, шаруашылық тәжірибелер, тағы басқа жоғары оқу орындарының оқу- қосымша бөлімшелері, сонымен қатар болашақ кәсіби қызметіне сәйкес ұйымдары болып табылады.

2.5 Егер оқу практикасы тиісті ұйымдардан тыс өтілсе онда шарт жасалуы тиіс.

2.6 Оқу практикасының өтілу мерзімі 4 апта құрайды.

2.7 Оқу практикасының қорытындысы бойынша студенттер кафедраға есеп тапсырады және кафедра меңгерушісінің бұйрығымен құрылған комиссияның алдында қорғайды. Есепті қорғау қорытындысы дифференциалдық сынақпен сандық балды–рейтингтік әріптік баға жүйесімен бағаланады.

3 Өндірістік практикасының базасы мен бағдарламасы

3.1 Арнайы пәндерді оқытуды аяқтағаннан кейін өндірістік практика немесе теориялық жалпы оқыту курсы ұйымдастырылады.

Бітіруші курстарында өндірістік практика теориялық оқыту толық аяқталғаннан кейін ұйымдастырылады.

3.2 Оқушылар кешкі және сыртқы оқыту нысанынан мамандық бойынша жұмыс істесе, өндірістік практикадан босатылады.

Бұл жағдайда оқушылар жоғары оқу орнына жұмыс орнынан кәсіптік қызметі көрсетілген бейнеленген анықтама және мінездеме тапсыруы керек.

3.3 Өндірістік практиканың бағдарламасы шығарылатын кафедрамен әзірленеді және бекітіледі.

3.4 Өндірістік практиканың мақсаты түйінді құзіреттілігін бекіту, оқыту мамандығы бойынша практикалық дағды мен кәсіптік тәжірибе қалыптастыру болып табылады.

3.5 Өндірістік практиканың базасын белгілеу оқытылатын мамандықтың профиліне байланысты (немесе салалас мекемелерде).

3.6 Өндірістік практиканың ұзақтығы және оның мөлшері мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес белгіленеді.

3.7 Өндірістік практиканың қорытындысы бойынша білім алушылар сәйкес кафедраларына есеп тапсырады, жетекшісі тексеріледі, кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғалады. Есепті қорғау қорытындысы тағайындалған балдық–рейтингтік әріпті жүйе бағасы бойынша дифференциалды сынақпен бағаланады.

4. Диплом алды практикасы

4.1 Диплом жұмысын (жоба) жазу және қорғау үшін білімдік–кәсіптік бағдарламада диплом алды практикасы қарастырылады.

4.2 Диплом алды практикасының мазмұны – диплом жұмысының (жоба) тақырыбымен анықталады.

4.3 Жеке мамандықтар бойынша диплом алды практикасының мақсаты, талабы, мазмұны мен өтетін уақыты өндірістік практикамен сәйкес келуі мүмкін.

4.4 Диплом алды практикасының ғылыми жетекшісі – негізінен диплом жұмысының (жоба) ғылыми жетекшісі болып табылады.

4.5 Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес диплом жұмысын (жоба) жазуға, диплом алды практикасының ұзақтығы және оның мөлшері академиялық сағат немесе берілген кредитпен анықталады.

4.6 Диплом алды практикасының аралығында білім алушылар практика базасында тиісті кәсіптік қызметі туралы нақты мағлұмат жиынын, диплом жұмысы (жоба) тақырыбы бойынша практикалық мағлұматтарды іске асырады. Практиканың қорытындысы диплом жұмысы (жоба) жазуда қолданылады және тиісті нұсқамен даярланады.

4.7 Диплом алды практикасының қорытындысы диплом жұмысын (жоба) алдын ала қорғауда жүзеге асырылады, оның тәртібін жоғары оқу орны анықтайды.

4.8 Диплом алды практикасының қорытындысы бойынша білім алушылар сәйкес кафедраларына есеп тапсырады, ғылыми жетекшісімен және кеңесшісімен тексеріледі. Кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғалады. Есепті қорғау қорытындысы тағайындалған балдық-рейтингтік әріпті жүйе бағасы бойынша дифференциалды сынақпен бағаланады.

5. Осы Ережеге өзгерістер және толықтырулар енгізу тәртібі

5.1 Толықтыру мен өзгерту оны әрі қарай жетілдіру және ҚР нормативті құжаттарына және МЖМБС-ның негізгі ережелеріне сәйкес келтіру мақсатында енгізіледі.

5.2 Университет әкімшілігі, мамандар және практика жетекшілерінен түскен ұсыныстар мен ескертулерді, олардың дәйектілігі мен дәлелдемелерді зерделеуді ескереді.

5.3 Қолданыстағы Ережеге ұсынылған толықтырулар мен өзгерістерге сараптама жүргізеді және оларды мақұлдағаннан кейін шешім қабылдау үшін Оқу-әдістемелік Кеңеске бекітуге ұсынылады.

Түйінді сөздер: оқу практикасы, өндірістік практикасы, диплом алды практикасы.
